

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 наурыздағы N 181 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 қазандағы N 1020 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 қазандағы N 1020 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласындағы сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Мұханбетқазыұлы Тәжин Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі екі ел арасындағы қазіргі бар достық қатынастардың маңыздылығын ескере отырып,

өзара ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып, мәдени ынтымақтастықтың халықтар арасындағы достық қатынастар мен

өзара түсіністікті тереңдетуге қызмет ететінін түсіне отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

Тараптар египет Тарапы әзірлеген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес Египет Араб Республикасының Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыс мешітін (бұдан әрі - мешіт) қалпына келтіру жөніндегі бірлескен шараларды қабылдайды.

Әрбір Тарап мешітті қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру үшін қаржылай қаражат бөледі.

Жобаның жалпы құны 13 миллион АҚШ долларын құрайды. Қазақстандық Тарап қайтарымсыз негізде 4 миллион 500 мың АҚШ долларын бөледі. Көрсетілген қаражат 2007-2009 жылдар ішінде бөлінетін болады. Көрсетілген сома шеңберінде жыл сайынғы қаржыландыру көлемін қазақстандық Тарап белгілейтін болады. Египет Тарапы 8 миллион 500 мың АҚШ долларын бөледі.

Қазақстандық Тарап бөлетін қаражат Египет Араб Республикасының аумағында қолданылатын, оның заңнамасына сәйкес алынатын салықтар мен алымдарды төлеу үшін қалай болғанда да пайдаланылмайды.

2-бап

Египет Тарапы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін Египет Араб Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Египет Араб Республикасының мамандандырылған құрылыс компаниялары қатарынан бас мердігерді анықтайды

3-бап

Тараптар мешітті қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды техникалық, қаржылық және әкімшілік басқару үшін египет Тарапының басшылығымен Үйлестіру комитетін құрады. Үйлестіру комитеті Тараптардың әрқайсысының мемлекеттері уәкілетті органдарының 2-3 өкілінен тұратын болады.

Үйлестіру комитеті тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 15-күніне дейін египет Тарапымен келісім бойынша Тараптардың уәкілетті органдарына жобаны басқару және есепті тоқсан ішінде орындалған қалпына келтіру жұмыстары және соған байланысты шеккен есепті кезеңдегі қаржылық шығындар туралы есеп береді.

4-бап

Үйлестіру комитетінің құрамындағы жұмысқа байланысты қазақстандық Тарап өкілдерінің барлық шығыстары қазақстандық Тарап мешітті қалпына келтіру үшін бөлетін қаражаттың шегінде көзделеді.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша, осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіппен кушіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру бойынша даулар немесе келіспеушіліктер Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі. Егер өзара қолайлы шешім қабылданбаса, тиісті дауды немесе келіспеушілікті Тараптар қарайды.

7-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы немесе Египет Араб Республикасы қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауға жауапты Тараптардың уәкілетті органдары мыналар болып табылады.

қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрілігі ;

Египет Тарапынан - Египет Араб Республикасы Тарихи ескерткіштер жөніндегі жоғары кеңесі.

9-бап

Мешітті қалпына келтіру жұмыстарын қабылдауды орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру актісі негізінде Үйлестіру комитетін тарта отырып, көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыруға арналған шартқа сәйкес египет Тарапы жүзеге асырады.

10-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағанын растайтын соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім мешітті қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанға және оларды қабылдағанға дейін қолданылады.

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар ету жолымен осы Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Осы Келісім осындай хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткен соң өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісімді орындау шеңберінде жасалған келісімдер мен келісім-шарттардан және оның қолданылуы кезеңінде туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

2007 жылғы _____ Каир қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының *Египет Араб Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*